

***Сегодня в студенческой кухни готовит еду для наших читателей Фатима Аралбаева, будущий учитель русского языка и литературы. Студентка 3 курса живет в общежитии №2, ведет активный образ жизни и является сторонником правильного питания. Она полностью согласна с выражением «Завтрак съешь сам, обед поделись с другом, а ужин отдай врагу». Поэтому она выбрала рецепт сытного завтрака по студенческому бюджету.***





## СПОСОБ ПРИГОТОВЛЕНИЯ:

1. Чистим лук и помидоры и режем их полукольцами.
2. В глубокой миске разбиваем яйца, взбиваем, добавляя молоко.
3. В полученную массу добавляем муку и перемешиваем до консистенции густой сметаны.
4. В разогретой сковородке с маслом обжариваем лук.
5. Как только лук обжариться закидываем туда помидоры с фаршем, заливаем молочно-яичной массой, закрываем крышку и оставляем тушиться в течение 15 минут на медленном огне.
6. Через 15 минут блюдо готово. Приятного аппетита.

Калорийность омлета зависит от набора ингредиентов, но в среднем составляет около 185,78 ккал на 100 г продукта. Благодаря этому, блюдо можно употреблять на ужин тем, кто следит за своей фигурой.

# Омлет с фаршем и овощами






## СОСТАВ ОМЛЕТА ПО-СТУДЕНЧЕСКИ:

3-яйца, 1 небольшая луковица, 100 гр.фарша любого (в нашем случае куриный), 100 гр.масло растительное, 1 небольшой помидор, 200 гр.молока, 1-2 столовой ложки муки, зелень, соль, перец по вкусу. Все эти продукты обошлись примерно 500 тенге и рассчитан на двоих.

**Страницу подготовила Ажаргуль Кунарова**

**Газет ҚР Ақпарат және коммуникациялар министрлігінде қайта тіркеліп, №16883-Г куәлігі 08.02.2018 ж. берілген.**
**Газет айына бір рет шығады**
Газет бетінде жарияланған материалдарды көшіріп басу үшін міндетті түрде редакцияның рұқсаты керек.

**Zhubanov University облыстық ақпараттық-танымдық газеті**
**Меншік иесі:**
ҚР БжҒМ «Қ. Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік мемлекеттік университеті» ШЖҚ РМК-ы
**Ректор**
**Бауыржан Ердембеков**

**Бас редактор**
**Гүлнара Қараша**
**Тілшілер:**
Сандуғаш Дүйсенбаева
Ажаргүл Кунарова
**Аудармашы:**
Наталья Голубева
**Дизайнер:**
Айгерім Нуршина
**Фотограф:**
Есет Саргузин

**Редакцияның мекенжайы:**
030000, Ақтөбе қаласы,
Ә. Молдағұлова даңғылы, 34,
102 бөлме
Тел: 8 (7132) 55 23 21
**E-mail:**
**zhubanovpress@mail.ru**
**Сайт: www.arsu.kz**
Facebook: Пресс-служба университета Жубанова
**Таралымы: 5000 дана**

**Газет университеттің «Жұбанов» баспасында басылды.**

ZH ZHUBANOV UNIVERSITY

# Zhubanov University

Облыстық ақпараттық-танымдық газет

№4 (424)
30 сәуір
2018 жыл

1997 жылдың 12 наурызынан бастап шығып келеді

## Бүгінгі санда


8-9
**ВЕСЕННИЕ ОБРАЗЫ В ПАЛЬТО**


10
РОССИЙСКОГО УЧЕНОГО **НАУЧИЛИ ТАНЦЕВАТЬ КАЗАХСКИЙ ТАНЕЦ**


15
**АВИТАМИНОЗ:** БЕЛГІЛЕРІ ЖӘНЕ САҚТАНУ ЖОЛДАРЫ




4-5

# НОВАЯ ЗВЕЗДА ВОДНЫХ ДОРОЖЕК



## Айдың айшықты жаңалықтары Главные новости Top news



### БІТІРУШІЛЕРДІ ЖҰМЫСҚА ОРНАЛАСТЫРУДЫҢ ТИІМДІЛІГІ ТАЛҚЫЛАНДЫ

«Университет бітірушілерін жұмысқа орналастырудың тиімділігін арттыру» тақырыбында өткен екі күндік кездесуге Алға, Хромтау, Мартук, Қобда, Қарғалы, Шалқар, Байғанин, Темір, Мұғалжар, Ырғыз, Әйтеке би, Ойыл аудандарының әкімдері мен аудандық жұмыспен қамту бөлімінің мамандары қатысты.

Кездесу соңында аудандық жұмыспен қамту бөлімдерінің мамандары бітірушілермен танысып,  жеке сұқбаттасты.

### ОБСУЖДАЛИСЬ ВОПРОСЫ ПО ПОВЫШЕНИЮ ЭФФЕКТИВНОСТИ ТРУДОУСТРОЙСТВА ВЫПУСКНИКОВ УНИВЕРСИТЕТА

В университете Жубанова прошла двухдневная встреча под названием «Увеличение эффективности трудоустройства выпускников университета». В данном мероприятии приняли участие акимы и специалисты отделов по трудоустройству Алгинского, Хромтауского, Мартукского, Хобдинского, Каргалинского и Шалкарского, Байганинского, Темирского, Мугалжарского, Иргизского, Айтекебийского, Уилского районов.

В конце мероприятия специалисты районных отделов по трудоустройству, лично встретившись с выпускниками, провели беседу.

### ISSUES OF THE INCREASE IN EFFICIENCY OF THE UNIVERSITY GRADUATES' EMPLOYMENT WERE DISCUSSED

The first day of the meeting "Increase in Efficiency of the University graduates' employment" passed in K. Zhubanov University today. Akims and specialists of employment departments of Alga, Khromtau, Martuk, Khobda, Kargala,Shalkar, Baiganin, Temir, Mugalzhar, Irgiz, Aitekebi, Uil districts participated in this action.

The akims informed of the program of development of the districts, spoke about implementation of socially important projects and presented information on social and economic development of the districts and vacancies.

At the end of the action specialists of regional departments of employment spoke to the students.

### ПОЛЬШАНЫҢ ЭКОНОМИКА УНИВЕРСИТЕТІМЕН ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ЫНТЫМАҚТАСТЫҚ АЯСЫ КЕҢЕЙДІ

16 сәуірде Варшавада өткен Қазақстан-Польша ректорлар форумы шеңберінде Жұбанов университетінің басшылығы Быдгощ қаласының Экономика университетінің халықаралық ынтымақтастық жөніндегі проректоры Мажен Собчак-Михайловская және Спорт және дене шынықтыру институтының директоры Александр Скалиймен кездесіп,  ынтымақтастықты одан әрі дамыту, бірлескен бағдарламалар мен жобалардың бағыттарын кеңейту, Erasmus+ бағдарламасы бойынша еуропалық жобаларға бірлесіп қатысу, «Мехатроника», «Информатика», «Халықаралық туризм» мамандықтары бойынша екі дипломдық білім беру бағдарламасын талқылады.



### РАСШИРЕНИЕ МЕЖДУНАРОДНОГО СОТРУДНИЧЕСТВА С УНИВЕРСИТЕТОМ ЭКОНОМИКИ В Г.БЫДГОЩ

В рамках Казахстанского-польского форума в г. Варшава 16 апреля состоялась встреча руководства университета Жубанова с проректором по международному сотрудничеству Университета Экономики в г.Быдгощ Маженой Собчак-Михайловской и директором института спорта и физической культуры данного вуза Александром Скалием. В ходе встречи были обсуждены приоритетные направления дальнейшего сотрудничества, расширения направлений совместных программ и проектов, совместное участие в европейских проектах по программе Эразмус+, открытие программы двудипломного образования по следующим специальностям: «Мехатроника», «Информатика», «Международный туризм» и др.

### EXPANSION OF INTERNATIONAL COOPERATION WITH PARTNER UNIVERSITY OF ECONOMY OF THE CITY OF BYDGOSZCZ

Within the Kazakhstan-Polish forum in Warsaw the meeting of the management of K. Zhubanov University with the Vice rector for international cooperation of the University of Economy of Bydgoszcz Mazhena Sobchak-Mikhaylovskaya and the Director of Institute of Sport and Physical Culture of this University Alexander Skaly took place on April 16. During the meeting the priority directions of further cooperation, expansion of the directions of joint programs and projects, joint participation in the European projects according to Erasmus + program, opening of the two-degree education program for "Mechatronics", "Informatics", "The international tourism" specialties were discussed.



### УНИВЕРСИТЕТ РЕКТОРЫ Б.ЕРДЕМБЕКОВ ШЕТЕЛДІК СТУДЕНТТЕРМЕН ЖӘНЕ ШЕТЕЛДЕ БІЛІМ АЛЫП КЕЛГЕН СТУДЕНТТЕРМЕН КЕЗДЕСТІ

Бүгінгі таңда университетте 11000-ға жуық студент оқиды. Оның 95-сі биылғы оқу жылында шетел жоғары оқу орындарында білім алып қайтты. Өткен жылмен салыстырғанда бұл жоғары нәтиже. Шетел оқу орындарынан келген студенттер саны да артуда.

Кездесуде жастар жасалған мүмкіндіктерге ризашылықтарын жеткізіп, алдағы күндерде білім биіктеріне ұмтыла беретіндеріне сенімдерін  жеткізді.

### РЕКТОР УНИВЕРСИТЕТА Б.ЕРДЕМБЕКОВ ВСТРЕТИЛСЯ С ЗАРУБЕЖНЫМИ СТУДЕНТАМИ И СО СТУДЕНТАМИ, КОТОРЫЕ ОБУЧАЛИСЬ ЗА ГРАНИЦЕЙ

На сегодняшний день в нашем университете обучаются 11000 студентов. В этом году 95 студентов прошли обучение за рубежом. По сравнению с прошлым годом этот показатель значительно вырос. Также растет число зарубежных студентов, которые обучаются в нашем вузе.

В ходе встречи молодежь выразила благодарность руководству университета за предоставленную возможность.

### RECTOR OF THE UNIVERSITY B.YERDEMBEKOV MET FOREIGN STUDENTS AND STUDENTS WHO STUDIED ABROAD

11000 students study at our University today. This year 95 students were trained abroad. In comparison with last year this indicator has grown considerably. The number of foreign students studying at our University is growing.

During the meeting the young people expressed gratitude to the management of the University for the given opportunity.



## Денсаулық алабы Полоса здоровье Line of health

# АВИТАМИНОЗ:

## БЕЛГІЛЕРІ ЖӘНЕ САҚТАНУ ЖОЛДАРЫ

ӘР КӨКТЕМДЕ АВИТАМИНОЗ ЖАЙЛЫ ӘҢГІМЕ БОЛАДЫ. КӨП АДАМДАР КӨКТЕМДЕ ЖИІ МАУЖЫРАП, ӨЗДЕРІН ӘЛСІЗ СЕЗІНЕТІНДЕРІН АҒЗАЛАРЫНДА ҚАЖЕТТІ ВИТАМИННІҢ ЖЕТІСПЕУІНЕН ДЕП ОЙЛАЙДЫ.



СОНДЫҚТАН ДӘРІХАНАЛАРДАН МУЛЬТИВИТАМИНДЕР МЕН ТАҒАМДЫҚ ҚОСПАЛАР САТЫП АЛЫП, ӨЗ БЕТТЕРІНШЕ ЕМДЕЛЕДІ. ОСЫ ТАҚЫРЫП ТӨҢІРЕГІНДЕ ОЙ ӨРБІТУ МАҚСАТЫНДА ЖҰБАНОВ УНИВЕРСИТЕТІ ЕМХАНАСЫНЫҢ ТЕРАПЕВТ-ДӘРІГЕРІ АЛИЯ ГУМАРОВАҒА ЖОЛЫҒЫП, СҰРАҚТАРЫМЫЗДЫ ҚОЙҒАН ЕДІК. ӘҢГІМЕНІ ЖҮРГІЗГЕН АЖАРГҮЛ КУНАРОВА.

**- Алдымен авитаминоз жағдайын адам қалай анықтай алады және сол кезде дәрігерге көрінуі міндетті ме деген сауалымызды қойғымыз келеді..**

- Авитаминоз кезінде адам тез шаршайды, есте сақтау қабілеті төмендейді, терінің құрғауы, тырнақтың түсуі сияқты белгілер арқылы да көрінеді. Осындай белгілер болған кезде адам дәрігердің кеңесіне жүгінгені абзал. Дәрігер қажетті сараптамаларды жүргізе отырып, керек емдік шараларды жүргізеді.

**- Соңғы кезде адамның авитаминоз жағдайы ойдан шығарылған, бұл жағдай ешқандай маусымға тәуелді емес (авитаминоздың көктемгі және күзгі деп бөлінетінін айтып отырмыз) және бұл тек денсаулығына селқос қарайтын адамдардың көңіл-күйіне байланысты болатын жағдай деген дәрігерлер тарапынан пікірлер айтылып жүр. Әріптестеріңіздің осы пікіріне көзқарасыңыз.**

- Осындай пікірлер соңғы кезде айтылып жүргені рас. Дегенмен бұл сұрақ төңірегінде әлі де зерттеулер жүргізіліп, нақтылануы тиіс деп ойлаймын.  Менің пікірім денсаулығындағы кез келген ауытқуға адамдар селқос қарамауы керек. Жеке басының гигиенасын сақтап, сіңімді тамақтанып, жақсы ұйықтап, дене шынықтырумен айналысып, өз өзіне күтім жасағаны абзал. Көктемнің соңғы айында және жаз айларында жапырақты жасыл көкөністер мен жеміс жидектерді көбірек пайдаланамыз. Олардың құрамында барлық дәрумендер кездеседі, сіңімділігі де жоғары болып келеді. Сондықтан да бұл уақытта адамдардың созылмалы жұқпалы ауруларымен ауруы сирек кездеседі. Дегенмен қай уақытта болмасын әр адам өз денсаулығына немқұрайлы қарамағаны дұрыс.

**- Адам ағзасына витаминдердің жаппай жетіспеушілігі бүгінгі таңда сирек кездесетін сияқты. Себебі, көпшіліктің тұрмыс-тіршілігі біршама дұрысталды ғой.**

- Адам ағзасында дәрумендердің жаппай жетіспеушілігі қазіргі таңда шынымен де сирек кездеседі, дегенмен бұл проблема әлі де бар, оны толық жойылды деп айтуға болмайды.  Адамдардың тұрмыс тіршілігі дұрысталғанымен, уақытылы дұрыс тамақтанбаса адамдардың әртүрлі ауруларға шалдығу қауіпі бар. Бұл көбіне қазіргі кездегі уақыт жетіспеушілігінен туындап отырған мәселелердің бірі. Айта кететін жайт, уақытылы дұрыс тамақтанбау тек қана «Авитаминоз» ғана емес басқа да, «Гастрит», «Асқазан жарасы», иммунитет төмендеуі, ЖВР аурулардың қозуына әкеп соғуы мүмкін. Сондықтан дұрыс тамақтанудың маңызы зор. Міндетті түрде рационда ыстық тағам болуы керек.

**-Гипервитаминоз жайлы да түсіндіріп өтсеңіз..**

- Гипервитаминоз дәрумендердің шамадан тыс көп болуынан пайда болады. Адам ағзасында әр дәруменнің өзіндік атқаратын қызметі бар. Сондықтанда адам ағзасында өзара баланс сақталғаны жөн. Мысалы, «Д» дәруменінің шамадан тыс көп болған кезде, ішкі мүшелерде ас тұздары көптеп жиналады. Гипервитаминоз жедел және созылмалы болып екігe бөлінеді. Жедел гипервитаминозда тәбеттің төмендеуі, шөлдеу, іш қату, сусыздану болуы мүмкін. Созылмалы гипервитаминозда нәрестелердің бас сүйегінің ерте қатаю қауіпі бар.

**- Витамин дисбалансы себебін белсенді темекі шегу мен дәрі-дәрмекті көп пайдаланумен де байланыстырады. Осы жайында не айтар едіңіз.**

- Витамин дисбалансы тамақ арқылы ағзаға дәрумендердің жеткілікті мөлшерде түспеуінен пайда болады. Темекі шегу ас қорытуға, тәбеттің төмендеуіне ықпал етеді. Соның салдарынан асқазанда жара пайда болуы мүмкін. Сонымен қатар жүрек, қан тамырлары ауруларына, ұйқының бұзылуына әкеп соғады. Ас қорыту нашарлап, ұйқы бұзылу ағзадағы барлық мүшелердің жұмысын баяулатады. Бұл өз кезегінде дәрумендердің дисбалансына әкеп соғады.



## Айқын айшықты жаңалықтары ● Главные новости ● Top news

### ДӘРІСХАНАЛАР ЖАҢАРТЫЛЫП, ЖАҢА КАБИНЕТТЕР АШЫЛДЫ

Жаратылыстану факультетінде арнайы жабдықталған және жаңартылған он екі: «Генетика» оқу аудиториясы, «Биологиялық пәндерді ағылшын тілінде оқытудың теориясы мен әдістемесі» оқу аудиториясы, «Зоология» оқу зертханасы, «Биологияны оқыту әдістемесі» оқу-әдістемелік аудиториясы, «Цитология және гистология» оқу аудиториясы, «Тіршілік қауіпсіздік негіздері» оқу аудиториясы, «Геоэкология» оқу аудиториясы, «Экотоксикология және қоршаған орта нысандарын бақылау» оқу-ғылыми зертханасы, «STEM инновациялық білім беру» орталығы, «Өнеркәсіптік экология» оқу аудиториясы, «Еңбекті қорғау» оқу аудиториясы, «Жалпы химиялық технология» оқу аудиториясы ашылды.

Сондай-ақ, физика-математика факультетінде көпшілікке танымал математик, профессор Дәулет Үмбетжановтың есімі берілген ғылыми-инновациялық дәрісхана және «Математиканы оқытудың теориясы мен әдістемесі», «Көптілділік оқыту» жаңартылған кабинеттердің де тұсауы кесілді.

Ал, техникалық факультетте жаңа конференц-залы жұмысқа қосылды, қазіргі «Бұрғылап-аттыру жұмыстары» кабинеті, «Көлік ағынын зерттеу және басқару» зертханасы заманауи материалдық-техникалық тұрғыда қайта жабдықталды.




### ОБНОВИЛИСЬ ЛЕКЦИОННЫЕ АУДИТОРИЙ И ОТКРЫЛИСЬ НОВЫЕ КАБИНЕТЫ

На факультете естествознания открылись двенадцать новых специализированных кабинетов: учебная аудитория «Генетика»; учебная аудитория «Теория и методика обучения предметов по биологии на английском языке»; учебная лаборатория «Зоология»; учебно-методическая аудитория «Методика обучения биологии»; учебная аудитория «Цитология и гистология»; учебная аудитория «Основы безопасности жизни»; учебная аудитория «Геоэкология»; учебно-научная лаборатория «Экотоксикологияи контроль объектов окружающей среды»; центр инновационного образования STEM; учебная аудитория «Экология промышленности»; учебная аудитория «Защита труда»; учебная аудитория «Общие химические технологий».

Также на физико-математическом факультете открылась научно-инновационная аудитория имени известного математика, профессора Даулета Умбетжанова и обновленные кабинеты «Теория и методика преподавания математики», «Полиязычное обучение».

На техническом факультете в эксплуатацию были введены кабинет «Буровые-взрывные работы», «Лаборатория по управлению и исследованию автомобильного потока» и Конференц-зал технического факультета.

### NEW LECTURE ROOMS AND CLASSROOMS HAVE BEEN OPENED

At the Faculty of Natural Sciences twelve new specialized classrooms have been opened: "Geneticist" classroom; "Theory and technique of training of objects of biology in English" classroom; "Zoology" educational laboratory; "Technique of teaching Biology" classroom; "Cytology and Histology" classroom; "Basis of safety of life"; "Geo-ecology" classrooms; educational and scientific laboratory "Eco-toxicology and Control of Objects of the Environment"; STEM center of innovative formation; "Industry ecology"; "Protection of work"; "The general chemical technologies" classrooms.

At Physical and Mathematical Faculty the scientific and innovative classroom named after the famous mathematician, professor DauletUmbetzhanov and the updated classrooms "The theory and technique of teaching Mathematics", "Polylingual training" have been opened.

At the Technical faculty "Drilling and Explosive Works" classroom, "Laboratory on Management and Research of the Traffic Flow" and the Conference room of the Technical faculty have been put into operation.




### ЖҰБАНОВ УНИВЕРСИТЕТІ ИНСТИТУЦИАЛДЫ РЕЙТИНГТІҢ ҮЗДІК ОНДЫҒЫНА (ТОП-10) ЕНУДІ ЖОСПАРЛАЙДЫ

Сәуірдің 28-і күні Студенттер сарайында ректор Бауыржан Ердембеков 2017-2018 оқу жылында атқарылған жұмыстар туралы есеп берді.

Есеп беру барысында Б.Ердембеков ғылыми-зерттеу жұмысы, оқыту, жұмыс берушілердің пікірлері және мансаптық потенциал, шетелдік студенттер мен профессор-оқытушылардың саны сияқты бағыттарда жұмыс жасайтын QS рейтингісіне ену кезеңдерімен таныстырды.

Кездесуде ректор «Рухани жаңғыру» бағдарламасы бойынша 2018 жылға жоспарланған шараларға тоқталды. Олар: Стамбул университетімен «Заманауи түрік тілдерінде лингвистикалық процестерді зерттеу» атты біріккен 2 ғылыми жоба жасау, студенттер мен облыстың мектеп оқытушыларына біріккен тарихи-археологиялық тәжірибе ұйымдастыру, «Зерек» балаларды дамыту орталығының, «Мәңгілік ел» конференц-залының, «Алаш арыстары» аллеясының тағы да басқа нысандардың ашылуы.

### УНИВЕРСИТЕТ ЖУБАНОВА ПЛАНИРУЕТ ВОЙТИ В ТОП-10 ИНСТИТУЦИОНАЛЬНОГО РЕЙТИНГА

28 апреля во Дворце студентов прошла отчетная встреча ректора Актюбинского регионального государственного университета им. К.Жубанова Бауыржана Ердембекова об основных итогах деятельности университета за 2017-2018 учебный год.

Б. Ердембеков проинформировал о планах войти в QS World University Rankings, который уделяет внимание репутации вузов в академической среде и оценивает университеты по шести показателям: исследовательская деятельность, преподавание, мнение работодателей и карьерный потенциал, количество иностранных студентов и преподавателей.

В ходе встречи ректор ознакомил с запланированными мероприятиями на 2018 год в рамках государственной программы «Рухани жаңғыру». Это: организация объединенной историко-археологической практики со студентами и с учителями областных школ, проведение 2 объединенных научных проектов на тему «Исследования лингвистических процессов современных тюркских языков» с университетом Стамбула, открытие Центра развития детей «Зерек», конференц-зала «Мәңгілік ел», аллеи «Алашарыстары» и других объектов.

### K.ZHUBANOV UNIVERSITY PLANS TO JOIN TOP-10 OF INSTITUTIONAL RATING

On April 28 a reporting meeting of Rector of K. Zhubanov Aktobe Regional State University Bauyrzhan Yerdembekov about the main results of the University activity in 2017-2018 academic year took place in the Palace of Students.

B.Yerdembekov reported on the plans to join QS World University Rankings which pays attention to the reputation of higher education institutions in the academic environment and estimates the universities by six indicators: research activity, teaching, opinion of employers and career potential, number of foreign students and teachers.

During the meeting the Rector presented the planned actions for 2018 within "Rukhani zhangyru" state program: organization of the joint historical and archaeological practice with students and teachers of regional schools, carrying out 2 integrated scientific projects on the subject "Research of Linguistic Processes of Modern Turkic Languages" with the university of Istanbul, opening of "Zerek" Center of children's development, "Mangilik el" conference room, "Alasharystary" Avenue and other facilities.

Айшықты жаңалықтар беттерін дайындаған
Сандуғаш БАЙҒҰЛҚЫЗЫ





### ӘНШІ, АКТРИСА АЙГҮЛ ИМАНБАЕВА ҚОНАҚТА БОЛДЫ

Әлеуметтік мәселелер және жастар саясаты департаментінің ұйымдастыруымен «Сәті түскен сұқбат» дәстүрлі жобалық кездесуге Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері, танымал эстрада әншісі, актриса Айгүл Иманбаевамен бірге шәкірті Аман Ғұмаров келді.

Әншімен кездесуге Жұбанов университетінің 150-ге жуық студенті қатысып, өздерін қызықтырған сұрақтарына жауап алды.

### ЯРКИЙ ТАЛАНТ АЙГУЛЬ ИМАНБАЕВОЙ ВОСХИТИЛ СТУДЕНТОВ

За несколько часов до своего сольного концерта в Актобе талантливая певица, многогранная актриса, заслуженный деятель РК встретилась со студентами университета Жубанова. Встреча прошла в формате интервью. Почти два часа Иманбаева отвечала на вопросы молодежи, читала стихи М.Макатаева, показала пародию. Завершая встречу, звезда эстрады спела популярную песню «Таңғы елес» из своего репертуара в дуэте со своим учеником Аманом Гумаровым.

### AYGUL IMANBAYEVA'S BRILLIANT TALENT DELIGHTED THE STUDENTS

Several hours prior to the solo concert in Aktobea talented singer, a brilliant actress, and the honored worker of RK met the students of K.Zhubanov University. The meeting took place in an interview format. For nearly two hours Imanbayeva answered the students' questions, recited M.Makatayev's verses, and presented parodies. At the end of the meeting, the pop star sang a popular "Tangy eles" song from her repertoire in the duet with her pupil AmanGumarov.




### ЛОНДОНДЫҚ ҒЫЛЫМИ ҚЫЗМЕТКЕРЛЕР САБАҚ ӨТКІЗДІ

Жұбанов университетінің жаратылыстану факультетінде Ұлыбританияның Лондон қаласынан Лондон гигиена жәнетропикалық медицина университетінің ғылыми-қызметкері Соня Регожәне Алан Туран атындағы Лондон университетінің ғылыми қызметкері Мэт Кушнер қонақта болды.

Шетелдік қонақтар «Биология» кафедрасының оқытушысы Роман Кузембаевпен бірге «team teaching technique» әдісімен студенттерге ағылшын тілінде дәріс берді.



### НАУЧНЫЕ СОТРУДНИКИ ИЗ ЛОНДОНА ПРОВЕЛИ ЗАНЯТИЯ

Научный сотрудник Лондонского университета гигиены и тропической медицины Соня Рего и научный сотрудник Лондонского университета им. Алана Турана Мэт Кушнер посетили факультет естествознания университета Жубанова.

Зарубежные гости вместе с преподавателем кафедры «Биология» Романом Кузембаевым провели лекции на английском языке по методу “team teaching technique”.

### RESEARCH SCIENTISTS FROM LONDON HAVE GIVEN CLASSES

The research scientist of London University of Hygiene and Tropical Medicine Sonya Rego and the research scientist of Alan Turan London University Mat Kouchner have visited the Faculty of Natural Sciences of K.Zhubanov Aktobe Regional State University.

The foreign guests have given lectures in English on the "team teaching technique" method together with the lecturer of Biology department Roman Kuzembayev.




### ВАРШАВАДА ҚАЗАҚСТАН-ПОЛЬША РЕКТОРЛАРЫНЫҢ ФОРУМЫ ӨТТІ

16-18 сәуір аралығында Варшавада ҚР Білім және ғылым министрлігінің «Перспективы» білім беру қорымен және поляк техникалық университет ректорларының Конференцияларымен бірігіп ұйымдастырған Қазақстан-Польша ректорларының өткен форумға Жұбанов университетінің ректоры Бауыржан Ердембеков пен бірінші проректор Қуанышбек Шүңкеев қатысты.

Форум барысында жоғары технологиялық индустрияға кадрларды даярлаудың ең тиімді әдістерін насихаттау мәселелері талқыланды, жастарға білім беру жолын таңдап, академиялық әлем мен өнеркәсіп пен бизнес арасында байланыс орнатылды.

### В ВАРШАВЕ ПРОХОДИТ КАЗАХСТАНСКО-ПОЛЬСКИЙ ФОРУМ РЕКТОРОВ

16-18 апреля в городе Варшава прошел Казахстанско-польский форум ректоров, организованный Министерством образования и науки РК совместно с образовательным фондом «Перспективы» и Конференцией ректоров польских технических университетов, где приняли участие ректор университета Жубанова Бауржан Ердембеков и первый проректор университета Куанышбек Шункеев.

В ходе форума обсуждались вопросы продвижения лучших методов обучения кадров для отрасли высоких технологий, помогая молодым людям выбирать образовательный путь и устанавливать связи между академическим миром и отраслью и бизнесом.

### KAZAKHSTAN-POLISH FORUM OF RECTORS TAKES PLACE IN WARSAW

On April 16-18 Kazakhstan-Polish Forum of Rectors organized by the Ministry of Education and Science of RK together with "Perspectives" educational fund and the Conference of Rectors of the Polish Technical Universities where Rector of K.Zhubanov University Baurzhan Yerdembekov and the first vice rector of the University Kuanyshbek Shunkeev took part was held in Warsaw.

During the forum issues of advance of the best methods of training personnel for the industry of high technologies were discussed, helping young people to choose an educational way and to establish links between the academic world, industry and business.

Ай адамы

Человек месяца

Person of the month

# НОВАЯ ЗВЕЗДА

## ПЕРВЫЕ ШАГИ В БОЛЬШОЙ СПОРТ

В семье Камзеновых первой начала плавать старшая дочь Айгерим. Затем родители отдали в бассейн сыновей-двойняшек Айбека и Алибека. Мальчишки, которым тогда было по шесть лет, сразу полюбили воду. И простое увлечение переросло в цель. Ребята сразу выбились в лидеры в своей группе и стали всеобщими любимицами. Преодолев сотни водных дистанций, показали первые результаты в городе и области. Кстати, плавание не единственное к чему приловчились братья. В шахматах и музыке они тоже преуспели. Вот в таком насыщенном режиме прошло детство теперь уже известных Чемпионов.

Дверь в профессиональный спорт братьям Камзеновым открыла их первый тренер Алия Жеткергеновна Садуова. До девятого класса они обучались в обычной городской школе. После окончания поступили в Актюбинский колледж нефти и газа. Во время обучения в колледже, большую поддержку в реализации их целей как спортсменов оказывала их куратор Салтанат Жанболатовна Илиясова. Профессиональная карьера пловцов Айбека и Алибека складывается довольно гладко. С 2014 года они занимаются в областной детско-юношеской спортивной школе по водным видам спорта «Достык» под руководством старшего тренера области по плаванию Сарбасова А.Ж.



## ПОБЕДНЫЕ ВОДНЫЕ РУБЕЖИ

Первую международную медаль Айбек получил в возрасте 12 лет в традиционном международном турнире по плаванию в городе Новотроицк (Российская Федерация). Ежегодно он принимал участие во многих соревнованиях областного, республиканского и международного масштаба: первенство Республики Казахстан по плаванию в г. Сатпаев «Сатпаевские дельфинята»; первенство Республики Казахстан по плаванию, посвященное Дню Независимости РК в г. Алматы; первенство Республики Казахстан посвященное МСМК А. Гаврилову в г. Астана; спартакиада среди школьников и учащихся колледжей в г. Кокшетау; III всеказахстанские Молодежные игры в г.Тараз; открытый Летний Чемпионат Республики Казахстан по плаванию в г. Темиртау; открытый Зимний Чемпионат Республики Казахстан по плаванию в г. Темиртау; открытый Кубок Республики Казахстан по плаванию в г. Темиртау; открытый Чемпионат Турции по плаванию (Turkishtrials) в г. Стамбул (Турция);чемпионат Азии, в городе Токио; открытый чемпионат Испании в городе Малага. В 15 лет ему было присвоено звание мастера спорта РК по плаванию.



В открытом чемпионате Испании Айбек завоевал бронзовую медаль, проплыв 50 метров брассом, тем самым получил путевку на Азиатские игры.

*«Многие интересуются, кого я считаю своим соперником, думают, что есть соперничество между мной и моим братом. Я скажу так - главный мой соперник – это я сам. Мне важно знать то, что я сделал сегодня, смогу сделать завтра еще лучше. Чемпионат Испании – это еще один рубеж, результатом которого я доволен, но на этом я не остановлюсь, впереди Азиатские игры, может и Олимпиада»,* — смущенно улыбается пловец.

Стоит отметить, глубокую братскую связь Айбека и Алибека. Ведь каждый из них является мастером своего дела и в любой трудной ситуации они готовы поддержать друг друга. И вряд ли их можно назвать соперниками, ведь они как единое целое - подпитаны огромным багажом профессионализма и выдержки.

Многие асы водных видов спорта уже видят нашего молодого мастера спорта в числе участников следующей Олимпиады в Токио.

*«Я побывал во многих странах, и, находясь в новой стране, я думаю о том, что еще половины не видел. Каждый раз узнаю что-то новое. Я мечтаю, чтоб люди, будь это спортсмены, дипломаты, звезды или даже простые туристы, говорили: «Казахстан - это страна, куда хочется возвращаться снова и снова». Я буду работать над собой еще больше, чтобы еще не раз подниматься на пьедестал победы. Я думаю, что именно в этом заключается истинный патриотизм. Да мне удобно разговаривать и выражать свои мысли на русском языке, но это не мешает мне любить все и всех по-казахски. Я – казах, мой отец – казах, во мне течет казахская кровь, и я этим горжусь»,* – делится спортсмен.

Айбек Камзенов – это новое имя в отечественном водном спорте, которое уже давно известно за пределами Казахстана. Очень приятно, когда ряды отечественных спортсменов пополняются новыми именами, от которых страна ждет высоких достижений.

К слову, в свободное время Чемпион увлекается музыкой, игрой на гитаре, компьютерным программированием, чтением художественной литературой.

## ДОСТИЖЕНИЯ

В 2007 г. в традиционном международном турнире по плаванию в г. Новотроицк (Россия) занял: 1 место, 3 место.



тердің көрмесін ұйымдастырған едік. Сол көрмеде студенттердің қолымен салынған геометриялық, графикалық кескіндемелердің суреттері қойылды. Ондағы мақсат – студенттерді мамандығын сүюге, кеңістік фигураларды сала білуге, компьютерді жетік пайдалануға тәрбиелеу болатын.

**— Геометрия саласы бойынша еліміз бойынша ең алғашқылардың бірі болып Thomson Reuters базасындағы журналға сіздің мақалаңыз енген екен. Ол журналда жариялану мүмкіндігі оңай емес. Осы мақала жайында толығырақ тоқталып өтсеңіз?**

— Жоғарыда Мәскеуде аспирантурада оқығаным, сол жақта қандидаттық диссертациямды қорғағаным жайында айтып өттім. Мәскеуде оқыған кездерімде Ресей математиктері Н.В.Ефимов, Э.Г.Позняк, Е.В.Шикиннің мектебінен үлкен сабақ алып, ғылым саласына терең бойлай түскен едім. Сол кезде «Үш өлшемді Евклид кеңістігінде Лобачевский жазықтығының шексіз бөліктерін кеңістікке регулярлы-изометриялы енгізу мәселелері» тақырыбында мақала жаздым. Аталған еңбекте дифференциалдық геометрияда айтылып жүрген беттерден өзгеше тағы бір беттің бар болатынын дәлелдедім. Ол жаңалығым 1986-1987 жылдары Ресейдің «Вестник МГУ», «Математические заметки» ғылыми журналдарында жарияланып, магистранттарға оқытылатын арнайы курс бағдарламасына енді. Ағылшын тіліне аударылып, Thomson Reuters базасындағы журналдарға жарияланды.

**— Білім саласында да бірнеше жыл тынбай еңбек етіп келесіз. Математика — күрделі ғылым. Шәкірттеріңізді ғылымға қалай баулып келесіз? Олардың ішінде ғылымға бет бұрғандары көп пе?**

— Иә, математика – өте күрделі ғылым. Соған қарамастан сабақ беретін студенттерім, магистранттар арасынан қызығушылық танытатындары басым. Арқалық қаласында жұмыс жасап жүрген кезімде Әлібек, Көшербай деген студенттерім болды. Бұл екеуі де қазіргі таңда педагогика саласында математика – информатика сияқты қосмамандықты қатар алып жүрген шәкірттерім. Көшербай Астана қаласында қызметте, ал Әлібек сол Арқалық қаласында. Әлібекпен бірге оқытушыларға арналған есептер жинағын басып шығарғанбыз.

Суреттерді бейнелеп салу кезінде студенттеріменен ізденісті, еңбекті байқаймын. Студенттердің дипломдық, магистранттардың диссертациялық жұмыстарына үзбей жетекшілік жасап келемін. Менің жетекшілігіммен 6 магистр қорғады. Қазіргі кезде 3 магистрантқа жетекшілік жасап жүрмін. Жалпы геометрия саласы елімізде әлі де болса зерттеуді қажет ететін, дамытатын ғылым саласы. Көбінесе геометрияның математиканың тасасында қалып қойып жататыны жасырын емес. Оның негізі мектептен қалану керек. Айналамыздың бәрі толып тұрған - геометрия. Соңғы жылдары Елбасымыз инженерлік мамандықтарға көп көңіл бөлуде. Жақында ғана халыққа жолдаған «Президенттің бес әлеуметтік бастамасы» үндеуінде де инженерлік мамандықтарға гранттың көп көңіл бөлінуі тиіс екендігін атап өтті. Инженерлік мамандықтарды дайындау үшін геометрия саласын дамыту керек екендігі айтпаса да айқын.

**— Отбасыңыз жайында тоқталсаңыз. Балаларыңыздың арасында сіздің жолыңызды жалғастырғандары бар ма?**

— Жұбайым Әспет Кеңесбекқызы. Ол кісі математиканы оқыту әдістемесінен диссертация қорғаған. Екеуміз Алматыда бірге оқыдық. Отбасында 1 ұл, 1 қыз тәрбиелеп өсірдік Ұлым тарих саласын таңдады. Қазір «Өрлеу» біліктілікті арттыру ұлттық орталығы АҚ филиалында қызмет етеді. Қызымның мамандығы менің мамандығыма жақын. Дизайнер. Компьютерлік графикамен жұмыс жасайды.

**Жадыра Арен**
**Ажаргүл КУНАРОВА**











**Әлібек Ескермесұлы, Жеткербай Қайдасовтың шәкірті, «Математика» мамандығы бойынша философия докторы (PhD), Ы. Алтынсарин атындағы Арқалық мемлекеттік педагогикалық институтының «Информатика» кафедрасының меңгерушісі**

Мен 1995 – 1999 жылдары Ы. Алтынсарин атындағы Арқалық педагогикалық институтында «Математика және информатика» мамандығы бойынша білім алдым. Сол кезде Жеткербай ағай бізге «Геометрия» пәнінен сабақ берді. Ұстазым сабақты өте жоғары деңгейде өткізеді, тек қана сабақ бермей, сонымен қатар тәрбие жұмыстарын да атқарды, студенттерді жан-жақты болуға баулыды, спорттың барлық түрлерінен хабары бар.

Институтта оқып жүргенімде менің ғылымға деген қызығушылығымды оятқан Жеткербай Қойлыбайұлы деп айтсам, қателеспеймін. Себебі, ол кісі сабақ барысында студенттерге ғылым жайлы, ғылыми еңбек жайлы көптеген ақпарат беріп отырды.

4-курста оқып жүргенімде сабақта ағай мені тақтаға есеп шығаруға шақырды. Берілген есепті оқуымды сұрады, кітап орыс тілінде жазылған, мен есептің берілгенін қазақша аударып айттым. Ағай маған қарады да, берілген есепті орысша оқуымды өтінді. Мен орысша оқығаннан кейін, Жеткербай ағай маған былай деді: «Әлібек, алдағы 15-20 жыл уақытта біз толықтай қазақшаға өтіп кете алмаймыз, сондықтан келешекте орысша керек болады, білу керек». Ағайдың осындай ақыл-кеңестері осы күнге дейін бізге сабақ болып келеді.

Институт бітіргеннен кейін де Жеткербай ағаймен бірге жұмыс жасадық, жас маман болғандықтан, ол кісі бізге өз кеңестерін айтып, бағыт-бағдар беріп отырды.

Кейін Жеткербай ағай «Геометрия» оқулығын жазды, оқулық жазу оңай емес, орасан зор еңбекті талап етеді. Мен ұстазымның еңбекқорлығын үлгі етемін, себебі ол кісі еңбектенуден ешқашан жалыққан емес.

Мен Жеткербай ағайға зор денсаулық, қажымас қайрат, ғылымда жаңа жетістіктер тілеймін. Жақсы шәкірттері көп болсын!




Ұстаз бен шәкірт | Учитель и ученик | A teacher and a pupil



***Қарапайымдылық пен еңбекқорлық бойына тоғысқан ғалым-ұстаз Жеткербай Қайдасов жайлы әңгіме тиегін ұзақ ағытуға болады. Физика-математика ғылымдарының кандидаты, ҚР Білім беру ісінің үздігі маңызы ерекше ғылым геометрия саласын зерттеп, елімізде осы ғылым саласының дамуына өзіндік үлесін қосып келеді. Осы саладағы 90-нан астам ғылыми, ғылыми-әдістемелік, және оқу-әдістемелік еңбектері «Вестник МГУ», «Математические заметки», «Фундаментальная и прикладная математика», «Поиск», «Қазақстан мектебі», «Математика және физика» журналдарында жарияланған. Ең алғашқылардың бірі болып елімізде геометрия саласы бойынша Thomson Reuters базасындағы журналға мақаласы енген.***
***Жеткербай Қайдасов ұстаздық жолында талай шәкірттің ғылымға ынтасын оятып, жол сілтеген жанашыр ұстаз да.***

# ҒАЛЫМ ҚАЙДАСОВТЫҢ ГЕОМЕТРИЯ ӘЛЕМІ

**— Жеткербай Қойлыбайұлы, әңгімемізді Сіздің өміржолыңыз жайында өрбітсек…**

— Байғанин ауданына қарасты Қораши деген ауылда дүниеге келгенмін. Ноғайты деген жердегі Сағыз орта мектебін бітірдім. Сол жылы Алматыға Абай атындағы ҚазПИ-ге «Математика» мамандығы бойынша оқуға түстім. Біз жоғары оқу орнын бітіретін жылдары үш жаңа жаңа облыс Жезқазған, Торғай, Маңғыстау облыстары құрылды. Жас маман ретінде мені Торғай облысына жіберді. Еңбек жолымды сол облыста математика мұғалімі қызметінен бастадым. 1975 жылы жаңадан ашылған Ы.Алтынсарин атындағы Арқалық мемлекеттік педагогикалық институтына жұмысқа орналасып, сол оқу орнында аға оқытушы, доцент, факультет деканы болып қызмет еттім.

